

"Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығын орындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1998 жылғы 6 мамырдағы N 77

"Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 U 9 8 3 9 2 8 _ Жарлығын орындау үшін:

1998 жылдың 20 мамырына дейін:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығының 5-тармағының 1, 2-тармақшаларын орындау жөнінде ұсыныс енгізсін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп:

Мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қызмет көрсетуінің рәсімдері туралы ережені;

Мемлекеттік органдардың қызмет көрсеткені үшін ақының мөлшері, оларды көрсетуге арналған шығындардың негізінде айқындалатындай етіп, мұндай ақыны белгілеу туралы ережені;

Алымдардың, аударымдардың және төлемдердің бірыңғай мемлекеттік тізімдемесі туралы ережені әзірлесін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі сертификатталатын тауарлардың тізбесін қысқарту жөнінде және өнімдерді сертификаттаудан технологиялық процестердің сапасын сертификаттауға көшу жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі және Қазақстан Республикасының Шағын бизнеске қолдау көрсету жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу үшін:

саны он адамға дейінгі жеке кәсіпкерлер мен шағын кәсіпкерліктің субъектілері салық органдарын, сондай-ақ қозғалған қылмыстық істер бойынша прокуратура органдары санкцияландырған тексерулерді қоспағанда, мемлекеттік бақылаушы органдардың тексеруіне жатпайтындығын;

лицензиялауға жататын кәсіпкерлік қызметтердің түрлерін, атап айтқанда: автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды, туристік қызметті қоғамдық тамақтандыруды, май құю станцияларын ұстауды және пайдалануды және б а с қ а л а р ы н қ ы с қ а р т у д ы ;

мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік қызметтің тексерілетін субъектілерімен шарттық қатынастарын тоқтатуды ;

лицензияны беру сәтіндегі бір жолғы лицензиялық алымды төлеу арқылы кәсіпкерлік қызметтің тиісті түрімен айналысудың бүкіл кезеңіне лицензиялар беруді;

мемлекеттік органдар лауазымды тұлғаларының мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды мемлекеттік емес ұйымдарға, оның ішінде қоғамдық бірлестіктерге бергені үшін заң алдындағы жауаптылығын көздейтін заңдардың жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарында бақылау функциялары мен тиісті лицензиялар мен рұқсаттар беру құқығына ие мемлекеттік органдардың толық тізбесін, сондай-ақ бұл лицензияларды, рұқсаттарды берудің тәртібін және алынатын ақысының мөлшерін жарияласын.

5. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бір апталық мерзім ішінде өздерінің нормативтік құқықтық актілерін "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928 Жарлығына сәйкес келтірсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р